

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

РКЖЕН

№ 10 (905) желтоқсан 2014 жыл



Новый год – праздник надежды и радостных ожиданий



Что за студенческая жизнь без веселого новогоднего праздника! И что за Новый год без нарядной елки! Последняя неделя уходящего года, каки много лет подряд, ознаменовалась веселыми праздничными вечерами и хороводами вокруг украшенной игрушками и разноцветными гирляндами зеленой елки. Традиционные Дед Мороз И Снегурочка в окружении верных друзей – Арлекина, сказочных героев, волшебных животных - на казахском и русском языке поздравили студентов, преподавателей, а также детей ППС и сотрудников.

Трехчасовой праздник – это, прежде всего, большая работа студенческого актива во главе с воспитательным отделом, который в 2015 году отмечает свое десятилетие. На Новогодний вечер студентов-активистов, который состоялся 27 декабря, были приглашены все студенческие ректора, руководившие работой студенческого актива все эти десять прошедших лет. Новый, 2015 год для нашей Родины – год больших юбилеев, в числе которых 70-летие Великой Победы, 20-летие Ассамблеи

Таймановские чтения

2 стр.

ЕКРО-2017: Болашақ энергиясы

3 бет

На страже справедливой сессии

5 стр.

В ЗЖТУ – лучшие студенты!

9 стр.



народа Казахстана, 550-летие казахской государственности, достойное празднование которых является гражданским долгом каждого казахстанца.

Новый год – всегда ожидание чего-то необычного, сказочного. И пожелания в эти праздничные дни звучат самые добрые и искренние. Редакция газеты присоединяется ко всем поздравлениям и желает исполнения всех прекрасных пожеланий.



Құттықтаймыз!!!



Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушылары «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаз атанып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тағайындаған мемлекеттік грантқа ие болды. Олар:

География кафедрасының доценті, география ғылымдарының кандидаты Т.А.Терещенко;
Қазақстан Республикасының тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ұ.Т.Ахметова;
Қазақ филологиясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Р.Б.Султанғалиева.
Оқытушыларымызды жоғары жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз!!!

Жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі

Одним из известных выпускников нашего вуза, совершивших прорыв в развитии науки Казахстана, да и всего человечества является математик, академик АН КазССР, доктор физико-математических наук, профессор Асан Дабсович Тайманов. Каждые два года в ЗКГУ им. М.Утемисова проходят Таймановские чтения.

В этом году конференция, посвященная основоположнику казахстанской школы математической логики, прошла 5 декабря. В пленарном заседании конференции принял участие аким ЗКО Н.А.Ногаев. Нурлан Аскарлович напомнил собравшимся, что имя нашего именитого земляка носят школа, улица города, аудитория в ЗКГУ. «Асан Тайманов является примером целеустремленности и настойчивости ума. Без математики жизнь невообразима».

Таймановские чтения



Ректор ЗКГУ им. М.Утемисова, А.С.Имангалиев, д.п.н., академик, поприветствовал гостей и участников конференции. Он отметил, что в аудиториях физико-математического факультета ощущается незримое присутствие Тайманова, его идей и настроя. Он был рад приветствовать Искандера Асановича Тайманова – видного ученого и сына именитого земляка и огласил решение Ученого совета университета о присвоении Искандеру Тайманову звания «Почетный профессор ЗКГУ им.М.Утемисова» и накинул на гостя мантию.

Искандер Асанович Тайманов, российский математик, доктор физико-математических наук, академик РАН, специалист в области геометрии, вариационного исчисления в целом, теории солитонов и ее применений. В настоящее время И.А.Тайманов является заведующим лабораторией динамических систем Института математики им. С.Л.Соболева СО РАН, заведующим кафедрой геометрии и топологии Новосибирского государственного университета. На пленарном заседании также выступил **Казбек Сулейменович Бактыбеков**, доктор физико-математических наук, профессор, директор института теоретической математики и научных вычислений ЕНУ имени Л.Н.Гумилева. Казбек Сулейменович уже много лет сотрудничает с физико-математическим факультетом ЗКГУ им. М.Утемисова, его лекции высоко оценены студентами и преподавателями факультета.

В пленарном заседании также приняли участие Г.К.Жусупкалиева, к.п.н., доцент, проректор по учебной работе ЗКГУ, Г.М.Миниус, к.ф.-м.-н., доцент, декан ФМФ ЗКГУ, Г.С.Нагибова, учитель информатики Назарбаев интеллектуальной школы физико-математического направления, преподаватели, студенты.

Работа конференции была продолжена по секциям «Современные проблемы теоретической и прикладной математики, физики и информатики» и «Актуальные проблемы методики и инновационные технологии обучения в математике, физике и информатике».

По итогам конференции принята резолюция и изданы сборники научных материалов.

В Западно-Казахстанском государственном университете имени Махамбета Утемисова 6 декабря 2014 г. Независимым агентством аккредитации и рейтинга (НААР), с участием Центра Болонского процесса и академической мобильности МОН РК был проведен обучающий семинар «Система независимой оценки качества высшего, технического и профессионального образования».

В ЦЕЛЯХ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ



Семинар открыл ректор ЗКГУ, академик Асхат Салимович Имангалиев. На семинаре выступили председатель

Аккредитационного совета, научный консультант НААР, один из авторов методики ранжирования вузов профессор Римма Ганиевна Сейдахметова, заместитель директора Центра Болонского процесса и академической мобильности МОН РК Байжан Нурбаевич Уалханов, доктор физико-математических наук, профессор, эксперт НААР, разработчик методологии ранжирования вузов РК Куанышбек Шункеевич Шункеев.

В работе семинара приняли участие представители вузов г. Уральска, Атырау, Актобе, средних учебных заведений Западно-Казахстанской области.

На семинаре были рассмотрены вопросы проведения независимой оценки качества образования, методологии ранжирования вузов и сузов, тренинг по использованию компьютерных программ ранжирования.

Целью семинара было повышение конкурентоспособности организаций образования и на основании требований Государственной программы развития образования в РК до 2020 года. Республика Казахстан, подписав Болонскую декларацию, взяла на себя обязательства сотрудничать в области обеспечения качества образования, совершенствовать образовательные программы, мобильность, совместные программы обучения, проведение совместных научных исследований в соответствии с международными требованиями. Ранжирование учебных заведений - это один из механизмов

системы оценки качества образования. Рейтинги позволяют удовлетворять потребности потребителей образовательных услуг; стимулируют конкуренцию между учебными заведениями; дают рациональную основу для развития образования.

В Республике Казахстан рейтинг является одним из важных элементов Национальной системы оценки качества образования (НСОКО), которая прописана в Государственной программе образования РК до 2020 года. На III Евразийском Форуме Лидеров высшего образования «Успешный университет: пути создания», прошедшем в 2014 г. Министр образования и науки РК Аслан Бакенович Саринжипов подчеркнул положительную роль рейтингов в развитии конкуренции между вузами и повышении качества.

Не менее важным механизмом оценки качества образования в Казахстане служит аккредитация, как институциональная, так и специализированная. Необходимость аккредитации также обусловлена требованиями признания дипломов, что возможно только для выпускников аккредитованных учебных заведений, защиты прав граждан Казахстана на международном рынке, интеграции системы высшего и послевузовского образования страны в Болонский процесс.

Высшие учебные заведения западного региона РК всегда демонстрировали приверженность качеству образовательных услуг и подготовки специалистов. И уже более пяти лет принимают участие в реализации мировых требований к качеству в образовании на практике, что позволяет совершенствовать образовательные программы, повышать конкурентоспособность вузов на казахстанском и международном рынке образовательных услуг и в конечном счете обеспечивать трудоустройство выпускников.

Для средних учебных заведений участие в работе по независимой оценке качества во многом является пилотным проектом, но накопленный опыт, разработанные методологии оценки, заинтересованность во внедрении мировых стандартов качества в образовании позволяют быть уверенным в том, что эти задачи будут выполнены.

В ЗКГУ им. М.Утемисова прошла встреча преподавателей и студентов с представителями республиканской информационно-пропагандистской группы по разъяснению Послания Президента РК Нурсултана Назарбаева, которая вела свою работу в Западно-Казахстанской области.

Послание Президента – наша программа

На встрече в университете разъяснительную беседу провел Жасулан Кудайбергенович Шаймарданов, директор Департамента высшего, послевузовского образования и международного сотрудничества МОН РК. В своем выступлении он затронул вопросы изучения истории, рассказал об основных пунктах и направлениях Послания. Он был рад видеть в зале ветеранов войны и труда, указав, как положительный факт, преемственность поколений, выраженном в трепетном отношении к истории. Это особенно хорошо продемонстрировано в музеях ЗКГУ. Особенно внимательно остановился на сфере образования - от детских садов, количество которых должно возрасти, и новых школ, которыми заменятся аварийные школы, до формирования материально-технической базы десяти университетов. Этой сфере уделено большое внимание в Послании.

Директор гимназии «Уміт» Теректинского района Дарига Газезовна Муштакова подробно остановилась на вопросе сохранения родного языка. Как педагог, как словесник, как поэт, она обратилась к студентам с призывом говорить на казахском языке красиво, грамотно, чтобы родной язык стал звучать и был привлекательным для любого слушателя. Но знать только один язык – родной в настоящее время – очень мало. Современный казахстанец, в особенности молодой, должен знать несколько иностранных языков.

В заключение ректор ЗКГУ Асхат Салимович Имангалиев поблагодарил гостей за внимание, оказанное коллективу, и пожелал успехов в реализации задач, поставленных временем.



EXPO-2017: Болашақ энергиясы

Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде еліміз экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы бола білді. Жаһандық мәселелер талқыға түскен ЕҚЫҰ-ның саммиті, Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум, Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы және күні кешегі Еуразиялық Экономикалық Одақ құру туралы келісімшарт жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатты. Ең бастысы, даму бағытын айқындап берді. Осындай көшелі істердің жалғасы ретінде Қазақстан 166 жылдық тарихы бар EXPO-2017 көрмесін өткізу құқығына ие болды.

EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізуге ниетті мемлекетіміз әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынды. Қалай дегенде де, EXPO сияқты халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне паш етуге берілген тамаша мүмкіндік.

Астанада EXPO өткізуге арналған тақырып кездейсоқ таңдап алынбаса керек. Жерінде табиғи байлықтың мол қоры бола тұра Қазақстан баламалы энергетика мәселесін қозғауы тегін емес, өрине. Өйткені, шикізат көзіне айналып отырған еліміз оның түбінде бір түгесілетінін жақсы түсінеді. Сондықтан да тұрақты энергияны, баламалы энергетиканы пайдалану және табиғи ресурстарды сақтау барлық энергетикалық саланы дамытудың басым бағытының бірі болып табылады. «Болашақ энергиясы» – жел, күн, су, ғарыш баламалы энергетика, биомасса энергиясы, атмосфераға CO2 қалдықтарын төмендету мәселелерін терең қозғайтын өте ауқымды түсінік.

Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері ғылымдағы өзінің соңғы жаңалықтарын ұсынатын бұл халықаралық көрмені өткізу идеясы неден туындап отыр?

Осы ретте университетімізде 18 желтоқсанда «EXPO-2017» халықаралық көрмесіне арналған «Қазақстанның инновациялық даму келешегі» атты EXPO-2017 тақырыбы «Болашақ энергиясы» сияқты Қазақстанның жаһандық бастамалары жөнінде тәжірибеші-мамандар мен ғалымдар, магистранттар сөз қозғаған, пікір бөліскен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткен болатын. Конференцияға Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары М.Ш.Каримов, «КазИИТУ» ҒБК Президенті А.С.Айтимов, «Орал» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Е.Т.Балтаев, «Технопарк» Алгоритм» ЖШС директоры А.М.Есекенов, БҚО балалар мен жасөспірімдер туризмі мен экологиясы орталығының директоры п.ғ.к. В.П.Фомин, «КазИИТУ» ҒБК ғылым және халықаралық қатынастар проректоры э.ғ.к. Г.Е.Кайрлиева, университет ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик А.С.Иманғалиев, ФЗЖ және ХБ бойынша проректор, т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар, э.ғ.д., профессор Л.И.Мерғалиева және басқа да ғалымдар мен оқытушылар, студенттер мен магистранттар қатысты.

Конференцияны университет ректоры, п.ғ.д., академик А.С.Иманғалиев ашып, конференцияны өткізудің мақсаты мен өзектілігі төңірегінде ой қозғап, қонақтар мен конференцияға қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары М.Ш.Каримов аталған конференция тақырыбына қатысты сөз сөйледі.

Конференцияның модераторы ретінде экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.И.Нестеренко, «Орал» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Е.Т.Балтаев, «Технопарк» Алгоритм» ЖШС директоры А.М.Есекенов, БҚО балалар мен жасөспірімдер



туризмі мен экологиясы орталығының директоры п.ғ.к. В.П.Фомин, «КазИИТУ» ҒБК ғылым және халықаралық қатынастар проректоры э.ғ.к. Г.Е.Кайрлиева, университеттің қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к. Г.Н.Сүлейменова, «Менеджмент және кәсіпкерлік» кафедрасының доценті, э.ғ.к. А.Б.Тлесева конференцияның пленарлық мәжілісінде «EXPO-2017» халықаралық көрмесін өткізу кезеңіндегі БҚО инновациялық дамуы, «Технопарк» Алгоритм» ЖШС желісі бойынша БҚО-да инновацияны қолдаудың құралдары, ішкі туризмнің негізін қалаушы фактор ретіндегі БҚО-ғы балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуы, ҚР инновациялық дамуына өсер ететін институттар және т.б. сұрақтар төңірегіндегі өз ойларын ортаға салды. Басқосуды қорытындылай келе ғалымдар мен мамандар бүгінде бүкіл әлем қайта қалпына келетін және баламалы энергия көздеріне баса көңіл бөлініп отырғанын айтып, Қазақстанның бұл бастаманы қолдауға әлеуеті жеткілікті екенін алға тартып, инновациялық жобаларды жетілдіру мен тұрақты дамуы жобаларына қаржылай қолдау көрсету жайын талқылады.

Сондай-ақ, конференцияның секциялық отырыстарында 40-тан астам баяндамалар тыңдалынып талқыланды.

Конференция жұмысынан шығатын қорытынды, әлемдегі белді ұйымдар Қазақстанның EXPO көрмесін өткізуіне бір жағынан мүдделі болып отырса, екінші жағынан Қазақстан мен оның «энергия» тақырыбына деген қызығушылығын көптеген елдер қолдауда.

Қорыта келгенде, күннен күнге дамып жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалану үкіметтік деңгейде қолға алынса, біздің дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігімізді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік туар еді. Сонда біз қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғап қана қоймай, көптеген жұмыс орнын құрып, сатып алу қабілеттілігін арттыра аламыз. Сондықтан да біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін және инновациялық дамуымыз үшін EXPO-2017 көрмесін өткізудің маңызы өте зор.

27 ноября в детской библиотеке имени Хамзы Есенжанова прошла презентация книги «Душе близкий берег». Особенностью этого мероприятия было то, что на презентации присутствовал сам автор книги, главный редактор газеты «Приуралье», писатель, журналист Бауыржан Губайдуллин. В этом году 25 лет, как Бауыржан Губайдуллин стал заниматься журналистской деятельностью. Это третья книга журналиста. В эту книгу вошли избранные работы, написанные за четверть века его публицистической деятельности.

Презентация новой книги

Собранием актуальных тем, касающихся жизни человека в обществе, будет заинтересовано большинство читателей. На событии также присутствовали такие именитые гости, как известная поэтесса Акуштан Бактыгереева, представитель журнала «Дана» Казыбек Куттымуратов, а также директор областного центра народного творчества, участник Афганской войны Беркин Габделов. На встрече в адрес автора звучали поздравления и пожелания дальнейших творческих успехов, учащимся школ и колледжей исполнились различные номера. По окончании официальной части встреча перетекла в беседу гостей со зрителями. Звучали вопросы, интересующие зрителей, по поводу книги и журналистской деятельности Бауыржана Губайдуллина. Ученикам и студентам было очень интересно послушать рассказы из жизни автора, которыми он поделился с нами в ходе беседы.

Камила СУКПУСУНОВА,
филология: русский язык, 03106 гр.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ

2014 жылдың 29 желтоқсанында өткен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінде филология және тарих, экономика және құқық факультеттерінің декандары А.С.Қыдыршаев пен Г.И.Нестеренколардың «Факультеттердің ғылыми-педагог кадрларды дайындау бағдарламасы бойынша жүргізген жұмыстары» туралы есеп беріп, бұл бағытта факультетте жүргізіліп жатқан жұмыстар мен 2012-2015 жылдары ғылыми-педагог кадрлар дайындау жоспарының қаншалықты орындалғанына тоқталды. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ә.Қ.Мұқтардың университет профессор-оқытушылар құрамының «Thomson Reuters», «Scopus», «Elsevier», «Springer» қорына енген әлемдік рейтингілік журналдарда жарияланған мақалалары жайлы ақпараты тыңдалды.

Сонымен қатар биология ғылымдарының кандидаты, доцент Мельников Владимир Леонидовичке Қысқы президенттік көп сайыс бойынша Қазақстан Республикасы кубогінде II орын алғаны үшін II дәрежелі дипломы және тарих, экономика және құқық факультетінің 4-курс студенті Тресова Әсемгүл Жасылбекқызына «Жыл үздігі - 2014» облыстық жастар сыйлығының «Үздік студент» аталымы табыс етілді.

РЕКТОРАТТА

2014 жылдың 22 желтоқсанында өткен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоратында физика-математика, мәдениет және өнер факультеттерінің декандары Г.М.Миниус пен М.И.Исатаевтар «Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына қатысуы: кәсіпорындарда сараман ұйымдастыруды жетілдіру» туралы есеп беріп, факультеттерде жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы тоқталса, аталған мәселеге байланысты тексеру жүргізген сарапшылар комиссиясының төрағасы оқу үрдісін ұйымдастыру және бақылау орталығының жетекшісі Р.Х.Латыпова бұл бағыттағы жұмыстарға нақты талдау жасап, ұтымды жақтары мен кемшіліктеріне назар аударып, мәселені шешуге байланысты бірнеше ұсыныстар білдірді. Бұдан соң академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Г.С.Қайсағалиева 2014 жылғы оқу жетістігін сырттай бақылауға дайындық және оның нәтижелері жайлы ақпарат жасап, әрбір мамандық, пән, факультет бойынша нақты талдау жасады.

А.НИЕТОВА,
ғылыми хатшы

На II съезде РОО «Казахстанское национальное географическое общество»

На базе Назарбаев Университета в Астане был организован II съезд Республиканского общественного объединения «Казахстанское национальное географическое общество» (КНГО), в которой принял участие руководитель офиса коммерциализации, к.г.н. РФ Э. Имашев.



Работа съезда прошла в рамках мероприятий по продвижению основных направлений, озвученных в интервью Президента РК «Размышления у подножия Улытау». Также обсуждались вопросы организации работы региональных представительств КНГО, в частности в Западно-Казахстанской области.

В настоящее время при инициативе КНГО и при поддержке ректората ЗКГУ им. М.Утемисова при нашем университете создается представительство КНГО в Западно-Казахстанской области. Предметом деятельности Представительства являются поддержка общественной инициативы во всестороннем изучении и популяризации географии и смежных наук о природе, обществе и культуре; организация и проведение научно-исследовательских проектов в рамках предмета деятельности КНГО; осуществление и реализация грантовых программ; развитие сотрудничества с международными организациями, географическими обществами и институтами и др.

На форуме экономистов

Участие ученых ЗКГУ им. М.Утемисова в работе VI Форума экономистов «Эффективное использование социально-экономического потенциала и привлечение новых источников экономического роста»

В форуме, который прошел в Ташкенте (Республика Узбекистан) 26-28 ноября, приняли участие более 100 ученых Узбекистана, США, Российской Федерации, Японии, Германии и Казахстана.

Республика Казахстан была представлена молодым ученым ЗКГУ им. М.Утемисова, руководителем офиса коммерциализации, к.г.н. РФ Э.Ж.Имашевым. Им был зачитан доклад на тему: «Перспективы формирования и развития регионального агропромышленного кластера в Западно-Казахстанской области», в которой представил свою экономико-географическую стратегию модернизации агропромышленного комплекса Западно-Казахстанской области на основе развития регионального промышленного кластера в данном секторе экономики области. Доклад Эдуарда Имашева вызвал большой интерес у зарубежных ученых, которые интересовались казахстанским опытом разработки и реализации кластерных инициатив в промышленности Казахстана.

Участие в таких научных мероприятиях позволяет молодым ученым ЗКГУ им. М.Утемисова апробировать результаты своих научных исследований, обменяться опытом с учеными из других стран, расширить круг научных интересов, найти зарубежных партнеров и т.д.

Поддержка ректората ЗКГУ им. М.Утемисова в участии молодых ученых в международных научных Форумах, съездах, конференциях позволяет приобщить молодых специалистов к научным исследованиям и развивать научно-исследовательскую работу университета.

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Ұстаздық пен шәкірттік – адам баласы арақатынасының алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім беретін ең мағыналы, мәнді, абзал түрі.

Қаншама тамаша ұстаздардың алдынан өтіп, білімді адамдар болып қалыптассақ та біз үшін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің география кафедрасындағы аға оқытушы Қарасай Тұрмақұлы Тұрашевтің орны бөлек.

Қарасай Тұрмақұлы Бөрлі ауданына қарасты «Ұлы сай» өзенінің бойында Улы сай елді мекенінде колхозшы шаруаның отбасында дүниеге келді.

Сонау ел басына күн туғанда, елін қорғау үшін шынайы патриоттық сезіммен соғыс комиссарына бірнеше рет арыз беріп, әскерге алуды сұрағандардың бірі Қарасай Тұрашев болатын. 16-17 жасар мектепте оқып жүрген жасөспірімнің кәмілетке толмағанына байланысты өтініші уақытша қабылданбайды.

1944-1945 жылы оқу бітірісімен Омск қаласындағы бір жылдық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің училищесіне түседі де, 1945 жылдың бас кезінде сол кездегі әскери-соғыс жағдайымен байланысты оқуды мерзімінен бұрын аяқтап, училище курсанттары соғысқа Батыс Украина территориясына аттандырылған. Бұл кезде Батыс Украинада ОУН, УПА қарулы күштері, Совет үкіметіне, Совет Армиясына қарсы соғыс қимылдарын жүргізіп жатқан.

Жас чекістердің бірі болып Қарасай Тұрашевта соғысқа қатысты. Отан соғысы аяқталған соң ол Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызмет етіп, 1947 жылы Москвадағы осы саланың біржылдық курсына бітірді.

1948-1952 ж.ж. Қарасай Тұрашев командованияның бұйрығымен Батыс Украина жерінде Отанымыздың мүддесін қорғап, соғыс қимылдарына белсене қатысып, 1952 жылы елге оралды.

1952 жылы Совет Армиясының қатарынан денсаулығына байланысты босағаннан кейін, Орал педагогикалық институтының география факультетіне келіп түсті. 1957 жылы институтты өте жақсы деңгейде бітіріп, Батыс Қазақстан облысының халыққа білім беру басқармасында нұсқаушы болып 2 жылдай жұмыс істеді. Кезінде өзіне дәріс берген, факультеттің алғашқы деканы және кафедра меңгерушілері Г.В.Москалев пен Н.В.Ревнивыхтың



шақыруымен, 1959 жылы оқытушылық жұмысқа ауысты.

Міне осы жылдан бастап қазіргі күнге дейін, Қарасай ағаның еңбек кітапшасында басқа мекемеге немесе оқу орнына ауысты деген белгі жоқ. Болашақ мұғалім-географтарға білім-тәрбие беру ісінде 50-жылдан астам ұстаздық жұмысымен бірге, факультеттің деканының орынбасары, партия ұйымының хатшысы, басқа да қоғамдық жұмыстар атқарды. «Ұстазы бейілді болса, шәкірттері зейінді келеді» дегендей, осы жылдарда өзінен дәріс алып, алдынан өткен шәкірттерінің ішінде ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары қаншалық. Халыққа білім беру саласында Қарасай Тұрмақұлы ұстаздық өнері мен географ мамандығын таңдағандар қаншама уақыт өтсе де ағаны ілтипатпен сағынып көрісетін.

Қарасай аға осы талапқа сай өзі беретін «Шет елдердің экономикалық географиясын» бүгінгі өмір тынысымен байланыстырып, терең білім берудің жоғарғы үлгісін көрсетеді.

Өмірде қандай азамат болмасын, оның еліне сіңірген еңбегі, өзінің жанұясының бақытымен үндес болуы ең нәтижелі құндылығы. Қарасай ағамызбен 1952 жылдан бір шаңырақтың дәм-тұзын, қуаныш қиындығын бірдей бөліскен, ұстаздық еңбегімен Республикаға танымал болған, қазіргі құрметті зейнеткер Мариям Мамайқызы апамызбен жарасымды өмірі дос-жаранға, іні-қарындастарына үлгі. Ұл-қызын тәрбиелеп өсіріп, оларға білім беріп қазір де балаларының қызығын көріп, немере-жениндерін сүйді.

Қарасай Тұрмақұлының елге сіңірген еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ұлы Отан соғысының ардагері – бірнеше ордендер мен медальдардың иегері, ұстаздық қызметі үшін КСРО-ның және қазақ ССР-нің «Халыққа білім берудің үздігі» белгісімен, Қазақстан Республикасының білім беру министрлігінің құрметті грамотасымен марапатталған.

Қарасай Тұрмақұлы Турашевқа жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын деп, Сіз әрқашанда бірге жұмыс жасаған әріптестеріңіздің, студенттеріңіздің жадында мәңгі сақталасыз.

География кафедрасы

Памяти коллеги



Ушла из жизни прекрасный человек, талантливый преподаватель Алеwtина Сидоровна Зыбина.

Алеwtина Сидоровна родилась 1 июля 1944 г. в Бостандыкской ИТС, Казталовского района, Уральской области в семье служащего. В 1950 г. поступила в первый класс в п. Лубенка, Чингирлауского района, куда они переехали в

связи с переводом отца на работу.

В 1955 г. семья переехала в г.Уральск. Она окончила СШ №5 в 1961г. с золотой медалью. В 1960 г. вступила в ряды ВЛКСМ. Год после окончания школы работала в У КП, Саратовского политехнического института в должности секретаря-машинистки. В 1962 г. поступила в Уральский педагогический институт на отделение английского языка историко-филологического факультета, которое окончила в 1966 г. с отличием. В 1968 г. была принята на должность преподавателя кафедры английского языка при Уральском педагогическом институте. Проработав всего два года, поступила на Высшие педагогические курсы при Алма-Атинском институте иностранных языков, которые окончила в 1970 году и была направлена на работу в Уральский педагогический институт, в котором проработала всю свою жизнь.

Являлась одним из самых лучших и передовых преподавателей института, любимицей всех студентов, веселой, обаятельной женщиной. Всегда приходила на помощь, была бескорыстна, обладала глубокими знаниями языка и методами преподавания. Преподавала важные предметы, такие как: теорию и практику английского языка, практику устной и письменной речи. Всегда старалась помочь всем студентам, поделившись своими знаниями.

Обладала удивительной коммуникабельностью и очаровательной улыбкой. Алеwtина Сидоровна была наставником молодых преподавателей. Она была готова поделиться своим опытом и знаниями. Занятия, которые она проводила, были всегда интересными и познавательными. Время просто пролетало, общаясь с нею.

Она была человеком с большой буквой, педагогом от природы. После себя она оставила хорошую плеяду молодых преподавателей, которые благодаря ее помощи и поддержке были готовы к работе преподавателя в ВУЗе. Память о ней навсегда останется в наших сердцах.

Кафедра иностранных языков филологического факультета

Денсаулық

Тұмау ғаламдық деңгейде таралған, ал жыл сайын оны таралу коэффициенті ересек тұрғындар арасында 5%-10%-дық және балалар арасында 20% - 30%-дық деңгейде анықталады. Қауіп жоғары топтар (нәрестелер, қарт адамдар мен созылмалы аурулары бар науқастар) арасында ауруханаға түсуге және өлімге әкелуі мүмкін.

Қазақстанда 2013 жылы Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау және бақылау ғылыми-практикалық орталығының (СЭСЖБҒПО) мәліметінше ЖРВИ-дің 894122 оқиғасы мен тұмаудың 896 оқиғасы тіркелген.

ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТЫҚ ШАҚТА ТҰМАУДЫ МЕНСІНБЕУШІЛІК - ҚАТЕЛІК!!!

Тұмау – антропоноздық респираторлық вирустық жіті инфекция. Жоғарғы тыныс жолдарына түскен кезде вирус жасушалардың қабықшаларын зақымдап, оның ішіне кіреді. Жасушалардың ішінде вирус тез көбейеді. Жұқтырылғаннан кейін алғашқы тәуліктердің аяғына қарай бір вирус ондаған триллионнан аса вирустық бөлшекті түзеді. Көбейген вирустар жоғарғы тыныс алу жолдарынан шыққаннан кейін жасушалар бұзылады. Тұмаудың алғашқы симптомдары – мұрынның бітелуі және тамақтың жыбырлауы осыған байланысты. Тұмау вирусы дене қызуының көтерілуімен, жөтелмен (әдетте құрғақ жөтелмен), бастың маңдай – самай тұсының ауруымен, бұлшық еттер мен буындардың ауруымен, жалпы әлсіздікпен, тәбеттің жоғалуымен, қатты ауыру (өзі-өзі нашар сезіну), тамақтың ауруымен сипатталады. Тұмаудың асқынуларына құлақ, тамақ, мұрын аурулары, жүйке жүйесіне баланысты асқынулар, сондай-ақ созылмалы аурулардың: жүрек-қан-тамырлық, өкпе, бронх тарапынан, қант диабеті және эндокриндік жүйенің басқа да ауруларының өршуі жатады. 2 жасқа дейінгі балаларда, созылмалы аурулары бар және жасы үлкен адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді. Сондай-ақ, ерекше қауіптілік тобына жүкті әйелдер де жатады. ЖРВИ және тұмау жүкті әйелдердің имунды жүйесін де, эндокриндік жүйесін де бұзуы мүмкін. Мұндай жағдайда жүкті әйелдерде әлсіздік пайда болып, ұйқысы бұзылады және созылмалы аурулары өршиді. Әдетте жүкті әйелдер тұмауға шалдыққан кезде балаға қанның жүруі күрт азаяды, осыған сәйкес бала жолдасы арқылы ұрық организмне оттегі аз беріледі. Жүкті әйелдердің тұмаумен ауыруы жүктіліктің 12 аптасына дейін, яғни ұрықтың органдары мен тіндері қалыптасатын кезде өте қауіпті. Тұмаудың жүкті әйелдерге қауіптілігі – түсік тастауы немесе мерзімінен бұрын босанып қалуында. Сонымен қатар, шала туудың жиіленуін көрсететін нақты мәліметтер бар.

Тұмау вирусы адам ағзасының имунитетін төмендетеді. Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан бастап 2-3 күнге дейін созылады. Тұмаудың жеңіл түрімен ауыру ұзақтығы – бір апта.

Өкінішке қарай, дер кезінде емдеу мекемесіне келмеген науқастарға қалыпты жағдайда жиі қолданылатын жекелеген препараттар көмектеспейді де мүмкін. Сондықтан өз бетінше емделуге болмайды. Балалар мен жүкті әйелдерді емдеу тек дәрігердің тағайындауы бойынша және дәрігердің бақылауымен жүргізілуі керек. Тұмаудың алғашқы белгілері байқалысымен

дәрігерді үйге шақырған жөн. Тұмау асқынғанда науқасты ауруханаға жатқызып, кешенді емдеу шараларын жүргізеді. Арнайы дәрілер (оксолин, амантадин, ремантадин, интерферон, т.б.), қызу басатын, организмнің улануын азайтатын дәрі-дәрмектер беріледі. Тұмауға нақтылы диагноз қойып, науқасты оқшаулап, ауруханаларда не басқа тиісті мекемелерде карантин жарияланады.

Тұмаудан жазылғаннан кейін организмде имунитет пайда болады, ол А типінен кейін 1 – 2 жылға, В типінен – 2 – 3 жылға созылады, С типінен кейін тұрақтанады. Сондықтан С типімен ауырған адамдар тұмаудың бұл түрімен қайтадан ауырмайды.

Кез-келген ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын алған дұрыс. Аурудың немесе оның асқынуының алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация. Дені сау адамдарда тұмауға қарсы вакцина бір қалыпты қорғанысты қамтамасыз етеді. Дегенмен қарт адамдар арасында тұмауға қарсы вакцина аурудың алдын алуда тиімділігі аз болса да, ауруды жеңілдетуге және аурудың асқыну және өлім-жітімді оқиғасын азайтуы мүмкін. Дүние-жүзілік денсаулық сақтау ұйымы сырқаттанушылықты, асқынуларды және өлім-жітімді айтарлықтай азайтатын, халықты тұмаудан қорғайтын жалғыз және тиімді іс-шара ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынды. Тұмауға қарсы вакцинациялау еңбекке жарамсыздық қағазы бойынша төленетін төлемдерді және өндірістік шығындарды, тұмауды және ЖРВИ-ді (жедел респираторлық вирустық инфекция), сондай-ақ олардың асқынуларын емдеуге кететін шығындарды 2 есе қысқартатыны дәлелденді.

Вакцинация өсіресе тұмаудың асқыну қауіп жоғары топтағы адамдарға, сондай-ақ жоғары қауіп-қатер тобындағы адамдар мен тұратын немесе оларға күтім жасайтын адамдарға қажет.

ДДҰ жыл сайын келесі топтағы адамдарға вакцинация жасауды ұсынады:

жүктіліктің кез келген кезеңіндегі жүкті әйелдер;
6 айдан 5 жасқа дейінгі балалар;
65 жастағы және одан үлкен қарт адамдар;
созылмалы аурулармен ауыратын адамдар;
денсаулық сақтау саласының қызметкерлері.

Тұмау вирусы өте тез тарайды. Инфекцияны қоздырушы – тұмаумен ауырған адам. Науқастың тек өзіне арналған ыдысы, орамалы т.б. болуға, олар жиі қайнатылып, жуылуға тиіс. Қоздырғыштар науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде

және қақырық, сондай-ақ науқас адам пайдаланған заттар, т.б. арқылы таралады. Өзіңізді және қасыңыздағыларды қорғау үшін түшкіргенде және жөтелгенде мұрныңыз бен аузыңызды бір реттік майлықпен жауып, пайдаланғаннан кейін арнайы қоқыс жәшігіне тастаңыз! Егер тұмаудың белгілері болса, өзіңізді айналаңыздағы адамдардан 1 метр қашықтықта ұстап, қолыңызды үнемі сабынмен жуыңыз! Жуылмаған қолмен көзіңізге, мұрныңызға және аузыңызға тиіспеуге тырысыңыз! Құшақтасып сүйісу мен қол алысып амандасудан аулақ болыңыз!

Тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылар көбейген кезде халық көп жиналған орындарда болмауға, салқын тигізіп алмауға тырысу қажет. Сол сияқты, таза ауада серуендер алдында немесе көшеге шығар кезде мұрныңызға оксалин майын жағып алсаңыз тұмау немесе ЖРВИ вирустарының тыныс жолдарына енуі күрт төмендейді. Ақуыз, майлар мен дәрумендердің жеткілікті мөлшерде дұрыс тамақтануды аурудың алдын алуына жатқызуға болады. Қысқы уақыт кезінде тамақтың құрамына жуаны, сарымсақты, жаңа піскен жемістер мен көкөністерді, ашытылған қырыққабат пен полидәруменді препараттарды қосқан жөн. Алдын ала организмді шынықтыратын емдер жасап, спортпен шұғылданған дұрыс. Біріншіден, бұл – дене шынықтыру. Контрастылы душ, ауа ванналары, жалаң аяқ жүру, аяқ ванналары және т.с.с. шынықтыру емшараларына жатады. Денені ақырын және жаз уақыты кезінде, температураны аз-аздап төмендеуден бастап шынықтыру керек. Екіншіден, белсенді өмір салты маңызды. Сонымен қатар бұл имундық жүйеге өте жақсы әсерін тигізеді. Дене шынықтырумен айналысу, жұмысқа дейін жаяу бару, шаңғы, велосипед тебуіңізге болады. Үшіншіден, суық өтіп кетуден сақтаныңыз, маусым бойынша және ауа райына сәйкес киініп жүріңіз. Бүгінгі таңда көптеген адамдардың киімі синтетикалық материалдардан жасалынған. Осындай киімдерді кигеннен жылу (парниктік) эффектiсi пайда болады – тер булану процесi жүрмейдi, ал ылғалды дене терiсi жеңiлiрек тоңазытылады. Бас киiмсiз, жылы iш киiмсiз, жылы аяқ киiмсiз жүру - өте зиян сән едетiне айналды. Сонда да сәнге жүгiнiп, басты байлығымыз денсаулық екенiн ұмытпай, өзіңізді күтiнгенiңiзi абзал! Құрметтi студенттер, тұмаудан сақтанып, салауатты өмір салтын қолдайық!

Ж.А. ДЖАНГАЛИЕВА,

№5 қалалық емханасының алдын алу және әлеуметтік – психологиялық көмек бөлімінің дәрігері

Тренинг

В рамках реализации программы методической недели педагогического факультета на кафедре «Педагогика и психология» со студентами был проведен тренинг «Формирование личностного роста у студентов». Целями и задачами тренинга были: дать понятие о личностном росте, ознакомить с технологиями личностного самосовершенствования, повысить уровень личностного развития у студентов.

Формирование личностного роста у студентов

Личностный рост человека заключается в постоянном неуклонном развитии его личностного потенциала. Личностный потенциал - обобщенная, системная характеристика индивидуально-психологических особенностей личности, лежащая в основе способности личности исходить из устойчивых внутренних критериев и ориентиров в своей жизнедеятельности и сохранять стабильность деятельности и смысловых ориентаций. Разные авторы предлагают различные показатели личностного потенциала: личностная автономия и независимость, внутренняя свобода; осмысленность жизни; готовность к внутренним изменениям; временная перспектива личности и др.

Тренинг проводили старшие преподаватели кафедры педагогики и психологии, магистры Федорченко Л.А. и Баюканская С.Ф., участниками были студенты III курса. На занятии присутствовали гости: д.п.н., профессор Кыдыршаев А.С., преподаватели-магистры Ерниязова С.Н., Тлепбергенова Г.Е.

В начале тренинга была применена стратегия критического мышления «Ассоциация», затем обсуждено понятие «личностный рост». Процесс формирования и развития «Я-образа» является центральным в тренинге личностного роста. Тренинг может оказать существенное влияние на этот процесс, потому что «Я-образ» — явление субъективное, он складывается как отражение социальных оценок, т. е. мнений других людей, сравнения себя и результатов своих действий с другими людьми и результатами их действий. Для построения и осознания «Я-образа» человеку нужно осознать и проанализировать, как он смотрит на других, как другие воспринимают его, а также какие чувства он испытывает по поводу мнения других о себе. Формируя свой «Я-образ», личность социализируется. Возможность изменений «Я-образа» под влиянием опыта самоанализа и оценок других и делает возможным эффективный тренинг личностного роста.

Наблюдения и тестирование дают взгляд на личность со стороны более или менее объективный. Для самого человека очень важен его собственный взгляд на себя, тем более, что, как правило, человек, особенно молодой, плохо осознает черты собственной личности, свой характер. Самосознание — осознание и оценка человеком самого себя как личности,



своих интересов, ценностей и мотивов поведения. Развитие самосознания - это одна из задач тренинга личностного роста.

Огромное значение «Я-образа» в жизни человека состоит в том, что он является центром его внутреннего мира, той «начальной точкой», исходя из которой человек воспринимает и оценивает весь окружающий мир и планирует собственное поведение. «Объективное суждение» является, как правило, мифом, заблуждением. Любое суждение человека преломляется через его «Я-концепцию». «Я-образ» в целом включает три главных измерения: наличное «Я» (каким человек видит себя в данный момент), желаемое «Я» (каким хотел бы себя видеть), представляемое «Я» (каким он показывает себя другим). Все три измерения сосуществуют в личности, обеспечивая ее целостность и развитие. Полное совпадение между ними невозможно, но слишком сильное расхождение приводит к тяжелому внутриличностному конфликту, несогласию с самим собой. В ходе занятия были проведены: разминка, упражнения «Кредо», «Ищу друга», «Я-реальный, Я-идеальный, Я в будущем». В заключение были подведены итоги, получена обратная связь.

А.С. Кыдыршаев,
д.п.н., профессор

На страже справедливой сессии

18 декабря началось самое тревожное время для студентов - по крайней мере, для меня – это сессия. И экзамены, которые я с успехом сдала, тут ни при чем. Я являюсь членом антикоррупционной комиссии, согласно приказу ректора ЗКГУ им. М.Утемисова Имангалиева А.С. за № 013-808 от 12 декабря 2014 года. Антикоррупционная комиссия в нашем университете действует с 2005 года. В ее обязанности входит следить за тем, чтобы были соблюдены все необходимые нормы прохождения экзаменов: наличие ведомостей, билетов и, конечно, выявление и недопущение коррупционных действий со стороны преподавателей и самое главное – честная сдача экзаменов студентами. Личное мое мнение: пользоваться подсказками и шпаргалками – недопустимо и унижительно.

Я в такой комиссии состою вот уже вторую сессию. Если в прошлом году меня определили на филологический факультет, то в этот раз я работала на естественно-географическом факультете. В мои обязанности входило посещение экзаменов, проверка соблюдения всех правил и норм.

В ходе проведения проверки сессии на ЕГФ коррупционных действий со стороны преподавателей не было обнаружено. Однако среди студентов были замечены те, кто, пользуясь занятостью экзаменаторов, пытались использовать шпаргалки.

Кстати, о шпаргалках. Если бы некоторые из студентов всю силу ума направили бы на изучение предмета, а не на изобретение «шпор», то отличников в университете было бы в разы больше.

Впрочем, кто-то возможно подумал, что деятельность антикоррупционной комиссии заключается лишь в замечаниях

10. Пишите. Единственный способ превратить ваши мысли в реальность — записать их. Записывайте все идеи, свою жизненную философию и ведите дневник. Чем больше вы будете писать, тем лучше вы будете это делать. Чем лучше вы будете писать, тем лучше вы будете думать.

30 привычек, которые нужно оставить в уходящем году!

1. Терпеть то, что тебе не нравится.
2. Общаться с людьми, которые убивают твою самооценку.
3. Думать о том, что скажут другие.
4. Пытаться держать все под контролем.
5. Плыть по течению и выбирать путь наименьшего сопротивления.
6. Держать свое мнение и все чувства при себе.
7. Бояться рисковать.
8. Думать только о других, а не о себе.
9. Стараться понравиться всем.
10. Забывать о близких и родителях.
11. Проводить все свободное время в четырех стенах.
12. Постоянно спешить.
13. Осуждать себя.
14. Бояться ошибок.
15. Говорить «я не могу» и настраивать себя на неудачу.
16. Сравнивать себя с другими.
17. Заикливаться на прошлом.
18. Думать только о будущем.
19. Жаловаться на жизнь.
20. Держать в себе обиду.
21. Покупать и хранить ненужные вещи.
22. Делать все самостоятельно.
23. Пытаться быть совершенным.
24. Перекидывать ответственность на других.
25. Давать обещания, которые не сможешь сдержать.
26. Думать о плохом.
27. Стесняться.
28. Повторять свои ошибки.
29. Завидовать.
30. Хмуриться.

Жас қалам

Абылай - мәңгі өшпес дара тұлға

Жылдар, жылдар зымырап қаншама өткен,
Бүгін тарих беттерін ашам еппен,
Тарихымның нар тұлғасы хан Абылай,
Азаттықтың ақ таңын аңсап өткен.
Сарғайса тарихтың ақ парағы,
Ұрпақтардың жадында жаталады,
Тәуелсіздік жолында тайсалмаған,
Тұлғалы ер тарихымда сақталады.
Қазағымның мәңгі қалған санасында,
Қазақтың мынау дархан даласында,
Дүние есігін ашыпты хан Абылай,
Ежелгі ер түріктің қаласында.
Жасынан ер мінезді болды бала,
Болған емес ешқашан ісі шала,
Өмірдің тепкісіне түсті жастан,
Қасқайып қарсы тұрды етпей нала.
Он үш жаста айырылып ата-анадан,
Әбілмәмбет сұлтанды паналаған,
Он бес жаста қарсы тұрды жауларына,
Туған жердің жүрегін жаралаған.
Он сегізде Сабалақ аты шығып,
Жиырма жаста Шырышты жеңді жығып,
Абылайлап аттанды қан майданға,
Ата жауы қалмақтарға қарсы тұрып.
Бұл шайқаста жеңіске жетті Абылай,
Дара туған ұлы тұлға текті Абылай,
Қайсарлық пен өрліктің арқасында,
Түйекештен сұлтандыққа жетті Абылай.
Бір жорықта Абылай өлтіреді Сәруді,
Қалмақ ханы ойлайды кек алуды,
Абылайды тірі ұстауға бұйырып,
Сарбаздарын аттандырды қарулы.
Ұлытауда ұйықтап жатқан жерінде,
Қалмақтар кеп тұтқындады дер кезінде,
Мұны естіген қалмақ ханы бұйырды,
Зынданға сал көрсетпе деп көзіме.
Абылайдың тектілігін сынады,
Азаппенен өткізеді күн- айды,
Дара туған текті Абылай моймай,
Қиындықтың барлығына шыдайды.
Ақылымен қалмақ ханын жеңеді,
Текті туған ер екенін біледі,
Қалдан Серен жеңілгенін мойындап,
Топыш қызды әйелдікке береді.
Татулықсыз іс өнбейді қашаннан,
Бірлікпенен жасампаз ел жасалған,
Тарихымда аз емесау хандарым,

Шаш ал десе ,шаш орнына бас алған.
Абылайдың мақсаты айқын, арманы,
Сол арқылы сара жолды салғаны,
Ұлы үштіктің біріктіріп бастарын,
Болашаққа ұлы үмітті жалғады.
Ел деп соқты жұдырықтай жүрегі,
Қазағымның нар тұлғалы ұлы еді,
Мансаппенен байлық кумай пәниде,
Татулық пен бірлік болды тілегі.
Қытайдың да келісімін алады,
Саудаменен сара жолды салады,
Достасады жанындағы бар елмен,
Осылайша, халқын сақтап қалады.
Қазағымның мәдениетін дамытты,
Төңірегіне жинады ақындарды шабытты,
Халықына көңіл бөліп тұсында,
Үш миллионға жеткізеді халықты.
Бар ұлылық өн бойына дарыпты,
Қазақ жұртын бар жаһанға танытты,
Ұлты үшін ғұмыр кешкен перзент,
Жетпіс жаста дүние салыпты...

Гүлнұр ТӨРЕБЕКОВА,
02102-топ

«Ерен ерліктің иесі өлді демендер»

Ер ұлдарын ұмытпайтын өр ел бар,
Бағалайтын өнегелі өнерді өр,
Бұл шаһарда туып өскен батырды,
Өрнектейтін өн бойымда өлең бар.
Ерлік жайлы өлең бір ой қозғасын,
«Біссімиллә» деп бастамақпын сөз басын,
Елдік үшін ерлік қылған атамды,
«Заңғар тауға» теңеймін мен өз басым.
Асау ғұмырдың артқыға тастап белесін,
Жауына қарай атқылап ашу жебесін,
Қырғынға қарсы аттанды батыр, әйтпесе,
Қырылады халқың дегесін.
Жалын күштері жарқырап шығып жанардан,
Жау десе жұмыр найзадай болып қадалған,
Кемел келешек қалдырамыз деп ұрпаққа,
Зобалаң сонау заманнан.
Жарым заманның жауыз төлкегін жұтпақ кім?
Шырқырап айтқан «желекті көпке шырақаттың,
Қарсы да тұрды ержүрек кеуде дұшпанға
Болашағы үшін ұрпақтың.

Қаймана қалың қазақтың қамын жегесін,
Таныттың жауға жігітін нағыз төресін,
Жарық жұлдыз ең еліңнің, қазақ көгінде
Жарқырап тұра бересің...
Бостандық үшін бақилық болған батырлар,
Бүгінде, міне, еркінмін! — деуге хақым бар,
Ерліңді ескеріп жүрсе, қазақтың
Перзенті деген атың бар.
Еркіндік алып ,қуанышқа бір белеңді ел,
Тәуелсіздікпен тұғырың қалай төмендер?!
Есімі мәңгі өшпейді, ерен, ерліктің
Иесі өлді демендер!
Артына салған баршаға аян дәл ізі,
Біз батырлардың батыл боп туған жалғасы,
Ұлылығыңды ұлықтап өтер ұрпағың
Ұлтымның ұлы сарбазы!

Айкөркем ЗИНЕЛОВА,
02104-топ

Қазақтың хас батыры

Ақын жанның жыры жанға жебе болып қадалған,
Халық зары ер ақынның намысынан қан алған.
Жау жүрегі, өр кеудесі асылдың,
Зар қазақтың төске тағар тұмарындай жаралған.
Ұлт қаңғырып салмақ түсіп аһ ұрды,
Намыс қысып жыр жебелі батырды.
Садағына Исатайдың байланып,
Дұшпанына найза болып атылды.
Шалқадан түсіп алақандай Нарынды,
Шалқалап жүріп шала ханға қарғыды.
Аруақты ер халық жайын көргенде,
Тағындағы көк бөріні жапырды.
Алға бастап тек бостандық деп тұрды,
Жойды, қырды ауыз салған қасқырды.
Бауырым деп төске басқан қазақтың,
Арасынан қорқау қасқыр тап болды.
Нарынды қиып найзадай жаны атылды,
Елі ұмытпас қаһарлы, қайсар батырды.
Азандай даусы жүрегінде қазақтың
Намыс, жігер мөрі болып басылды.
Қуан батыр көкке қарап тұр еліңнің ту басы,
Өзің құрған тәуелсіздік арманның сұлбасы.
Төске қысқан қазағымның нар ақыны, асылы,
Ер Махамбет — көк байрақты тәуелсіздік тұлғасы.

Нұржауған КАИРОВА,
02105-топ

“Махамбет” ғылыми-зерттеу орталығының жаршысы



МАХАМБЕТ

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

дауысы

Аз сөйлер де көп тыңдар,
Қас асылдың баласы.

№ 7(13), желтоқсан, 2014 жыл

Теңізге тамған тамшыдайын

«Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады».

Н. Ә. Назарбаев

«Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек» деп Елбасы биылғы «Мәңгілік Ел – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында атап көрсеткендей, осы Мәңгілік Тәуелсіздік жолында күрескен батыр баба мұраларын сақтау да біздің асыл мұраттарымыздың бірі.

Ерлік, елдік, Мәңгілік тәуелсіздік пен Мәңгілік Ел туралы сөз қозғалған кезде Махамбет есімі қатар айтылатыны шындық. Махамбет есімі бүкіл түбі бір түркі жұртына ортақ есім. Махамбеттің туғанына 200 жыл толу тойының ЮНЕСКО көлемінде аталып өтуі осының айқын дәлелі. Батыр-ақынның 200 жылдығына арналып шығармаларының академиялық 4 томдық жинағы шығарылғаны барлық ғылыми ортаға мәлім. Махамбеттанудың қыр-сыры жүз жылға жуық зерттеліп келе жатқаны осы жинақтағы зерттеу еңбектерден белгілі, әрі жалғаса берері хақ. Сонау қызыл империя қырғынында, яки 30-шы жылдары махамбеттанушылар қынадай қырылды. Махамбет, Абай есімдері аталмады. Қанды оқиғаларды олардан да қан өтірік қара параға жапты. Осынау ақиқат жібі үзілер шақта махамбеттану алғы шебіне, біртуар ақжайықтық ғалым Қажым (Қажығали) Жұмалиев шығуы табиғи да һәм заңды еді. Енді бұл үрдісті Махамбет бабамыздың есімін иеленген білім шаңырағы да 2013 жылы махамбеттанудағы, халықтық тарихи-мәдени және рухани құндылықтарымызды ғылыми айналымға енгізу, студент жастарды Махамбет мектебі арқылы патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығын ашып, махамбеттануға, жалпы бабалар мұрасына қатысты зерттеу еңбектерді баспадан шығарып, өскелең ұрпақтың да ақын туралы тырнақалды туындыларын, ізденушілік жұмыстарын университеттен шығатын «Өркен» газетінің «Махамбет дауысы» жаршысының беттерінде жариялау арқылы жалғастыра, теңізге тамған тамшыдай үлесін тигізуде.

Жаңа оқу жылында бұл үрдіс жалғасын тауып, «Махамбет» журналын «Махамбет дауысы» жаршысының кезекті сандарын шығару, жылдағы дәстүр бойынша студенттер арасында Махамбет апталығын ұйымдастыру және т.б. шаралар қолға алынды.

Биылғы оқу жылындағы «Махамбет дауысы» жаршысының алғашқы санына «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, БҚМУ профессоры С.Ф. Шарабасовтың «Махамбет жырауды ұлықтаудағы Қабдоловтық жол», тақырыбындағы мақаласы жарияланды. Мақалада сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың Махамбет баба шығармаларын, ерлігін дәріптеудегі ізгі істері айтылып, автор студент-жастарды, Махамбет батыр өрендерін баба есімін иеленген білім ордаларының атына кір келтірмей жақсы оқуға, көргенді, тәрбиелі ұл-қыз болуға шақырады. Жаршының осы санында Махамбеттің арманын биылғы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жариялаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының идеясымен астастырып филология факультетінің 4-курс студенті А. Қауеннің «Бәрі, бәрі есімде» атты фантастикаға құрылған новелласы жарық көрді. Жаршының екінші санына университетімізде қазан айында аталмыш орталық пен Қазақ филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген «Махамбеттің дарынды ұрпағы» атты тәрбие апталығы жеңімпазының Махамбет бабасы туралы өлеңі, «Филология: қазақ тілі» мамандығының 2-курс студенті Абдрахманова Жанардың үш тілдегі мақаласы және осы өткізілген апталық жөнінде баяндалған «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығы әдіскерінің «Апта хроникасы» атты мақаласы жарияланды. Жаршының үшінші саны Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күніне орайлас келетін болғандықтан бұл санға «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті, М.Тілеужанов атындағы шәкіртақы иегері Р.Құрманғазованың «Елбасы – кемеңгер қайраткер», Г.Ерсайынованың «Махамбет – қазақ халқының мақтанышы» тақырыбындағы мақалаларымен, «Махамбеттің жыр-семсері» ақындр мұшайрасында 1, 2-орын алған 2-курс студенттері С.Тұрсынбай мен Р. Батуованың дауылпаз ақынға арнауларымен толықты. Жаршының алдағы шығатын сандарына да дарынды, білімді ойшыл жастардың шығармашылық, ізденушілік жұмыстарын, ой-пікірлері мен мақалаларын жариялау көзделген.

Ғылыми-зерттеу орталығы жетекшісі, университет профессоры С.Ф.Шарабасов ұйғарымымен жоспарланған «Исатай-Махамбет» журналына ақын есімін иеленген мекемелердің баба есіміне лайық атқарған оңды істерін үлгі ету мақсатында қаламыздағы және алыс-жақын өңірлердегі мекемелердің жарқын істері туралы ақпараттық мақалаларды, махамбеттануға, махамбет шығармаларының тәрбиелік мәніне,

жалпы бабалар тарихына, исатайтануға қатысты зерттеу еңбектерді ұсыну жоспарланды.

Жоспарлы жұмыстарды жүзеге асыру үшін жер шалғайлығын ескере отырып алдымен Атырау қаласындағы Махамбет атындағы қазақ драма театрымен телефон арқылы байланыс орнатып, Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішевке хат жолдадық, өз қаламыздағы М.Өтемісов атындағы сауықтыру мектеп-интернатымен, қазақ драма театрына барып алдағы мақсаттарымызға сай бұйымтайымызды айттық. Аталған мекемелердің басшылары өтінішімізді жерге қалдырмай, көмек қолдарын ұсынды. Орталық тарапынан арнайы сұрақтар дайындалып сол бойынша қажетті мәліметтер бірінен мақала, екіншісінен сұхбат ретінде алынды. Қала маңындағы Махамбет (бұрынғы Чапово) ауылының әкімімен хабарласып ауыл туралы мақала алу да естен шығарылмады.

Махамбет есімі түбі бір түркі жұртына ортақ есім деп әңгімеміздің басында айтып өткеніміздей, журналға түрік ғалымдарының зерттеу еңбектерін жариялауды мақсат тұтып, түрік ғалымы Орхан Сөйлемезбен хабарласып, мақала жіберуіне өтініш білдірдік. Сондай-ақ журналдың редакциялық алқасына енгізу үшін Башқұртстан, Татарстан елдеріндегі Уфа, Қазан қалаларының ғалымдарымен байланыс орнаттық. Атап айтар болсақ Ресей ғалымдар академиясы Уфа ғылыми орталығының тарих, тіл және әдебиет институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Нафиков Шамиль Валеевичке, ҚФУ (Қазан федеральды университеті) халықаралық қатынастар, тарих және шығыстану институты профессоры, тарих ғылымдарының докторы Валеев Рамиль Миргасимовичке хабарласып келісімге келдік. Редакция құрамын ғылыми, салмақты адамдармен толықтыру үрдісі әлі де жалғаса түсуде.

Журналға махамбеттану, исатайтану іліміне қатысты материалдар, батыр есімімен байланысты мекемелер туралы мақалалар, студент-жастардың арнау өлеңдері, ізденушілік жұмыстары жинақталып, тексерілді.

Орталық жетекшісі, доцент С.Ф. Шарабасовтың кенеттен науқастанып қалуына байланысты көптеген идеяларымызды іске асыруға мүмкіндік болмағанын айтып өтсек артық айтқанымыз емес. Десек те журналға қажет мақалалардың дені жиналды, ендігі алда күтіп тұрған үлкен міндет - журналды жарыққа шығару арманы тұр.

Г.Ш. ИСМАҒҰЛОВА,
«Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығының әдіскері

■ Сәтті аударма

Было время

Цель высокая, как горы,
пробуждала страсть ревня.
К сожаленью, как порох,
пригорело это время...
Белых ястребов пускали
мы в заоблачное небо...
К сожаленью, ускакало,
ускакало это время!
Даже дуб недолговечен:
гниль подтачивает чрево.
День кочует: утро... вечер...
-бесконечно, вечно время.
Нам казалось, что орда
застолбилась, словно древо,
но, видать, уже тогда
зашаталась ее время.
Было море по колено,
волны гладили, как гребень.
Вырывались мы из плена...
Время было... Было время!
А когда тяжел был жребий –
мы скакали, стремя в стремя.
Нас с единой точки зренья
не сбивали даже пренья.
Но теперь без Исатая
навалилось тягот бремя.
В час тяжелый испытанья,
не оплакав всю потерю,
не оставив все же веру,
мы тоскуем: «Было время...»
Ах, какое было время!

Перевод Бекета Карашина

Жаңа журналға әзірлік

Желтоқсан айының 24-күні университетіміздің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры Ә.Қ. Мұқтар алдағы жылға жоспарланған жаңа журналды шығару мәселесіне ерекше назар аударып, тағыда бір екшеп алу үшін «Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, доцент С.Ф. Шарабасов, п.ғ.д., профессор М.Е.Ержанов, п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаев, п.ғ.д., профессор Ж.И.Сардалар мен авторлар туралы мәселе қозғалып, әр мақала авторының салмақ-парасатына, мақала өзектілігіне, факті дәлдігіне жауап болатыны баса айтылды. Республикаға белгілі тұлғалармен, шет ел ғалымдарымен хабарласып, мақала алдыртуды әр ғалым өзіне міндет етіп алды. Жиын соңында әр ғалымға нақты тапсырма беріліп, қаулы қабылданды. Сөйтіп, жаңа журнал өзінің алғашқы жолдамасын алды.

Күн тәртібінде қаралған бір мәселе - университетішілік «Исатай-Махамбет» журналының 1-санын әзірлеуді талқылау. Мәжілісте жаңа журналға атау беру, редакциялық алқа құрамы және журналға берілетін мақалалар мен авторлар туралы мәселе қозғалып, әр мақала авторының салмақ-парасатына, мақала өзектілігіне, факті дәлдігіне жауап болатыны баса айтылды. Республикаға белгілі тұлғалармен, шет ел ғалымдарымен хабарласып, мақала алдыртуды әр ғалым өзіне міндет етіп алды. Жиын соңында әр ғалымға нақты тапсырма беріліп, қаулы қабылданды. Сөйтіп, жаңа журнал өзінің алғашқы жолдамасын алды.

■ Студент шығармасы

Ерлігі аңыздай болған батырлар

Махамбеттің батырлығы өлең-жыр болып құйылады да ақындығы жауына қасқая тұрған батырлығының хабаршысы болып, мен мұндалап тұрады.

Қ. Жарықбаев



Қайсар қазақтың дархан даласы тарих қатпарларының қай кезеңінде де, елі үшін еңіреген нар тұлғаларға кенде болмаған. Қанша батыр ерлікті, егемендікті аңсап, тәуелсіздіктің жолында құрбан болды. Біз, Қазақ, ешкімге бағынбаған елміз. Бұл сөз әрбір қазақпын деген жанның жадында жаттаулы ұран сөз. Бірақ, тереңге көз салсақ, біз тәуелді болып еңбектеп басымызды иген

де халықпыз, тізерлеп отырған да халықпыз. Абылай, Сырым, Кенесары, Жанқожа, Исатай, Махамбет бабаларымызға мәңгі тағзым етуіміз керек. Осы бабалардың білек күшінің арқасында осындай уақытқа жеттік. Ерлігі ұмытылмас батыр бабамыздың бірі - Махамбет. Тәуелсіздікті аңсап, елі мен жері үшін қан майданда қан төгісті. Халқының азаттығы үшін, Еділ менен Жайық үшін қылышын қанға малып, қара қазан, сары бала үшін:

Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің,
Атандай дауысын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Басын кессем деп едім, - деп хан алдында тайсалмай жауап қатты.

Жолға шықсаң, жолыңда да Махамбет,
Жалыңда да, қомыңда да Махамбет,
Өңіңде де, түсіңде де Махамбет,
Оңыңда да, солыңда да Махамбет.
Саған қарап шар салады Махамбет,
Азаттық деп жар салады Махамбет,
Тірі жүрсен қыр соңыңнан қалмайды,
Өлер болсаң қарсы алады Махамбет дейді, бүгінгінің Махамбеті айтыскер ақын, қалың топта қақ жарып, шындықты жырлаған Бауыржан Халиолла ағамыз. Біз ол кісіні батыр десек те артық айтамыз. Алайда, бұл күнде батыр деген сөздің қасиеті кішірейіп барады. Оған дәлел қарапайым ғана әжетхана тазартатын ұнтақтың атауына «батыр» деп жазылып қойылғаны. Бұл үлкен ұят нәрсе. Сондықтан біз батыр бабаларымызды үлгі тұтып, ардақтауымыз керек. Батыр сөзі әжетхана тазартатын қорап сыртына емес, қазақпын деген жанның құрмет тұтар сөзі болғаны жөн. Бұрын қазақ қандай, бірлашақта қандай болмақ...

Ерліктері айналмайтын елеске,
Ереуіл атқа ерін салған егесте,
Махамбеттің өзі бір тау емес пе?!
Елдікті, егемендікті аңсаған батыр бабамыздың арманы орындалды бұл күнде. Біз азатпыз... Біз тәуелсізбіз...

Наурызбек ЛЕСОВ,
«Филология: қазақ тілі» мамандығы,
02305-топ студенті

“Махамбет дауысы” - “Голос Махамбета” - “Makhambet's voice” жаршысының жауапты редакторы - С.Ф. Шарабасов, тілшілері - Гүлнұр Исмағұлова (орталық әдіскері), Мәлдір Латифова (“Филология: қазақ тілі” мамандығы, 02205-топ студенті)

* Отан отбасынан басталады.

* Любовь к родине рождается у семейного очага.

* Love for the country begins with a family.

Патриот

(Patriot)

Филология факультетінің жаршысы, 2014 жыл, желтоқсан, №4



■ Студент табысы

Өмірлік із қалдырған

2013 жылдың 29 қараша күні Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған, еліміздің барлық өңірлерінен жоғары оқу орындары жастарының басын қосқан «Мен жастарға сенемін!» атты студент жастардың республикалық патриоттық фестивалі гала-форумы өтті.



Фестивальді ұйымдастырушылар – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Жас Отан» жастар қанаты мен Алматы қаласы әкімшілігі болатын.

Қазақстан қоғамының жемісті дамуындағы маңызды шарттың бірі – еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және қоғамдық өміріне жастардың белсенді қатысуы болып табылады.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің халыққа Жолдауларында жастардың ел тағдырындағы шешуші күш екендігін әлденеше рет баса айтқан. Мемлекетіміздің болашақ даму бағдары олардың азаматтық ұстанымына тәуелді, дәл осы жастар 10-15 жылдан кейін Қазақстанның бет-бейнесін айқындайтын болады.

Мен де өз бағымды сынап, бұл байқауға өтініш білдіріп, «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын» атты эссе бағыты бойынша қатысқан едім. Іріктеу кезеңінен өтіп, фестивальдің гала-форумына жолдама алдым. 300 адамнан 1-орын алу мен үшін үлкен мәртебе болды. Әсіресе, ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу грантын ұтып алу үлкен бақыт болды. Университетімдегі ардақты ұстаздарымның, сондай-ақ, ата-анамның арқасында мұндай үлкен жетістікке жеттім деп ойлаймын. Әсіресе, Ганмиркүн Ганмирханқызына айтар алғысым шексіз, бұл байқауда маған бағыт-бағдар бере білді. Көп ұзамай 2014 жылды, яғни, соңғы жылымыда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алатынымды шештім. Өрине, бірінші айларда университетімді, ұстаздарымды, құрбыларымды сағынып жүрдім. Университеттегі белсенді өмір жетіспеді. Бірақ та, бәріне де төзіп, ұстаздармен, студенттермен дос болып кеттім. Бұл қара шаңырақтың тарихы сонау М.Әуезовтерден бастау алған. Қазақ әдебиетіндегі, қазақ тарихындағы елеулі аты қалған тұлғалардың білім алып, дәріс берген зертханаларында оқу мен үшін үлкен бақытпен тең болды. Қазақстанның әр өңірінен жиналған студенттермен танысу бір ганибет болса, олармен дос болу үлкен ганибет. Үлкен сабақ пен мол тәжірибе алып қайттым. Достарыммен қоса, ұстаздарымды

да қимай кеттім. Берікбай Сағындықұлы, Зинол-Ғабден Қабитұлы, Пазыл Қуанбайұлы, Бақытгүл Райханқызы, Алтынай Шаулыққызы, Күләш Садыққызы, Самал Дәрібайұлы сынды ұстаздардан білім алу мен үшін үлкен бақыт. Әр сабақ өзінің ерекшелігімен, оқытушының білгірлігімен, білімімен мені жаулап алды. Пазыл Қуанбайұлы «Қазақ драматургиясы: қалыптасу, даму сатылары» атты пәннен сабақ берді. Бұл сабақтың ерекшелігі, біздер драматургтермен танысып қана қоймай, өзіміз де бір уақытқа актерлердің өмірін бойымызға сіңіріп алғандай болып, Талаптан Ахметжанұлы «Сұлу мен суретші» қойылымын қойып шықты. Бұл, өрине, мен үшін үлкен бір сабақ болды. Бақытгүл Райханқызының сабағынан біздер орта ғасыр ескерткіштерін талдай отырып, қазақ тіліне аударма жасаумен айналыстық. Алтынай Шаулыққызы мен Күләш Садыққызының берген әр дәрістері сыншылар мен сын тарихын өтүмен қатар, бізге тәлім-тәрбиелік мәні бар ойларды бойымызға сіңірді. Әр пәннен мен өзіме жаңа ой, жаңа сабақ алдым. Әсіресе, қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәнінен дәріс оқыған Берікбай Сағындықұлы ерекше атап өткізіледі. Тілге, тіл тарихына соншалықты жан аштың адамды мен бірінші рет көрдім. Оның жасаған әр талдауы, зерттеуі маған кәдімгі арифметика түрінде көрінді. Әр сөздің түп төркіні қайдан шыққанын естігенде, кәдімгідей таңғалып қаласың, ғалымның еңбекқорлығы үшін, ізденімділігі үшін оған халықаралық деңгейдегі белгіні беру қажет. Алматы қаласында жүріп, «Медеу» мұз айдыны, «Көктөбе», А.Байтұрсынов атындағы мұражай, тіл институты, Журналистер одағы, баспалар үйі, М.Әуезов атындағы театр, Ф.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер

■ Алыс шетелден сәлем!

Құрметті университет ұстаздары!

Шетелден шәкірттеріңіз зор сағыныспен ыстық сәлемін жолдайды. Білімді ұштауға аттанған бұл сапарым - оқу ордамның арқасы. Үлкен мүмкіндік туғызған Сіздерге ризашылығымды білдіре келе, жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға береке, творчестволық табыс тілеймін. Оқу орнымыз парасатпайымы жоғары студенттермен толығып, университеттің даңқын асқақтата берсін! Біз, шетелде білім толықтырып жатырған жастар бірігіп, Қазақстанның беделін жоғары ұстауға уәде етеміз!



Уважаемые преподаватели университета!

С огромным скучающим приветом из дальнего зарубежья к Вам я, Дина Капезова.

Благодарю мой родной университет за предоставленную возможность обучаться в Германии и поздравляю Вас с Новым годом!

Желаю Вам семейного благополучия, здоровья, творческих успехов. Пусть наш университет будет богат студентами, которые будут прославлять наш университет. Обещаем, что мы, молодежь, которая обучается за рубежом, будем возвышать и прославлять наш родной Казахстан.

Dear teachers of university!

With the huge missing greetings from foreign countries to you I am Dina Kapuzova. I thank my native university for the given opportunity to be trained in Germany, and I wish you a Happy New Year.

I wish you family wellbeing, health, creative achievements. Let our university will be rich with students who will glorify our university and we promise that we youth which is trained abroad, will ennoble and glorify our native Kazakhstan.

Ізгі ниетпен, Дина КАПЕЗОВА,
Германия, Майнц қаласынан
31 желтоқсан, 2014 жыл

театры, Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы сынды жерлерді аралап, өзіме көп нәрсе түйдім.

Алматы қаласындағы көшелерді аралай отырып, тауларға қарап, армандайтын едім. Дулат Исабеков сынды драматург, жазушымен кездесу де мен үшін үлкен бақытпен тең болды. Дулат атаның айтқан әр сөзі жүрекке қонымды, театр өнеріне әлі де көңілі толмайтынын, сонымен қатар жастарға көп сенім артатындығын айта кетті. Қазіргі таңда «Мәдениет» журналының бас редакторы қызметін атқарып жүрсе де, театр, жазушылық өнерін де қалдырмай, барлығын қатар алып жатқанына мен таңғалдым. Еңбекқор, талантты, сонымен қатар адамгершілігі мол қырларын мен Дулат Исабековтен көрдім.

Еліміздің екінші астанасымен қимастықпен қоштастым. Өрине, ҚазҰУ қандай керемет, мықты университет болса да, өзімнің сүйікті де, жүрегіме жақын БҚМУ-ыма сағына, аңсап келдім. Қайда жүрсем де, білімнің бастапқы фундаментін құйған, өнерге, шығармашылыққа бағыт берген, студент ретінде мені өсіріп, тәлім-тәрбие берген университетімің орны бөлек. Ардақты ұстаздарыма, ҚазҰУ-де өткен күндеріме, минутыма, секундтарыма ешқандай өкпем жоқ. Керісінше, ҚазҰУ маған үлкен тәжірибе мен үлкен сабақ берген мектепке айналды. ҚазҰУ арқылы мен өзіме жаңдай құрбыларды табуға, керемет ұстаздармен табысуға мүмкіндік алдым. Рахмет, саған ҚазҰУ!!!

Анел ТАСҚАЛИЕВА,
«ФҚТ» мамандығы, 02305-топ

■ Мәңгілік ел ұрпағы

«Патриот болам десеңіз!..»



«Бірлік түбі - береке, береке - түбі мереке; Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, Ел болуды ойлаңдар!» деген сөз атасы Майқы бидің ұлтжандылыққа үндейтін жыры мәлім. Үрім-бұтағына ғибрат қалдыруды аңсаған Майқы бидей талай марғасқаларымыздың тарих пен әдебиетте аттары жазулы. Түптеп келгенде, мұраттары бір - елжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Иә, ауызбіршілік пен ұлттық тәрбиесі қалыптаспаған елдің құрдымға кететіні сөзсіз. Дегенмен, тұманды

күндерді артқа тастап, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманға қол жеткізуге ұмтылудамыз. Бұның барлығы да – өз Отанын қастерлей, бағалай білу бағытындағы еңсерілген еңбектердің жемісі.

Мұхтар Әуезов: «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» - деп баса айтқан. Сол нақылды ақылға жүгіндірген Елбасы мен

көптеген тау тұлғалардың ықпалымен ұлан ғайыр атыраптың абыройы асқақтап келеді. Алайда, аға буын кезеңі көзден бұлбұл ұшады, ертеңгі күннің тағдыры жастарға байланысты болмақ. Болашағымыздың баянды болуы үшін жері мен елін сүйер, келешектің қамы үшін күйер ұл-қыздардың көбеюі шарт. Онсыз мемлекет гүлденбейді. Қазақтың басында болып жатқан қуаныш-қайғыға түкіргені бар жаннан не қайыр? Олардың саны толастамас үшін, қазірден түрлі кеселдердің алдын алуымыз керек.

Біздіңше, «нағыз қазақстандықтың» негізгі баспалдағы «патриотизмнен» бастау алуы тиіс. Келер күннің тізгіншілерінің жүрегінде еліне тағызым етудің, адал сүйіспеншіліктің алауы маздап тұруы қажет. Жалпы, «патриот» сөзі грек тілінен алынған, «ұлттың сую, оны жаудан қорғау» деген мағына береді. Оның кез-келген санаға қоныстануы да сол жанның шыққан ортасына байланысты болмақ, яғни отбасының тәлім-тәрбиесіне қатысты. Қайран қазағым, құлақтарына аңыз-ертегілерді сіндіре, жыр-толғауларды жаттата, ұлағатты сөздермен сусындата, рухани өсу жолында іздене жүріп, ұлын ержеттіріп, қызын бойжеттірді емес пе?! Перзенттерін төл өнеге-өсиетке бет бұрғыза, өнердің сан алуан түріне жетелеген. Соның нәтижесінде қазіргі ел ағалары да, халық даналары да, жалпы үлкендер қауымы елжанды болып қалыптасып, еліміздің іргесін берік етті. Ал бүгін ше? Бүгінгі жастар бұрынғыдан өзгереді. Заманына қарай адамы демекші, бұған түсіністік танытуға болады. Бірақ, кеудемізде лүпілдеген қазақы жүректің соғысымен, қанымызда бар қасиеттерден арылмай

Қазақстанымыздың ұлтжандылары болуға міндеттіміз. Көненің көзі есептелер еркіндігіміздің мәңгілік болуына күллі жастар легі атсалысса деймін. Патриот азамат пен азаматшалар мекені атансақ, бізден мықтысы болмайды - ау, сірә.

Елдің игілігі үшін жасалып жатқан жасампаз істер мен мемлекеттің мүддесі үшін табанды еңбек етіп жүрген жастар туралы, сондай-ақ саналы студенттердің бір қатарын жұртшылыққа жария етуді мақсат тұтқан біздің «Патриот» жаршымыз жарық көруде. Бұл филология факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының бастамасы болатын. Зерделілердің басын біріктіріп, жастарды патриотизмге дәріптеудің бір амалы болып табылады бұл да. Уақытты бос кетірмей, мақала жазып, немесе сол мақалаға кейіпкер болатындай жетістіктерге жетуге тырысыңыз, замандастар! Ойы озық, білімге құштар, үнемі ізденіс үстінде жүретін адам Отанымыздың дамуына мол үлесін қоса аларына сеніміміз кәміл.

Мөлдір Латифова,
«ФҚТ» мамандығы, 02205-топ

«Патриот» жаршысының жауапты редакторы – Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, филология факультетінің деканы, тілшілері - Мөлдір Латифова («ФҚТ» мамандығы, 02205-топ), Анель Тасқалиева («ФҚТ», 02305-топ).



Медаль с Чемпионата Азии

Будучи еще студентом первого курса Темірлан Көлбай был удостоен титула «Лучший студент 2013 года» МОН РК за отличную учебу и спортивные успехи. Второкурсник специальности физвоспитания Темірлан не просто не оставил спорт, но с каждым боем повышает свой профессиональный уровень. С 2011 года наш студент является членом казахстанской молодежной сборной по дзюдо и уже имеет немало достижений.

На Чемпионате Азии, который проходил в г. Гонконге (КНР) 12 декабря, Темірлан в весовой категории 90 кг завоевал «бронзу», разделив третье место с японским спортсменом.

«Первое место взял филиппинец, серебро досталось атлету из Таджикистана. Конечно, я ехал за «золотом», но в спорте все честно – значит надо тренироваться. Я последний год в молодежной сборной, надо преуспеть, – поделился впечатлениями немногословный спортсмен.

Уже полным ходом идет подготовка к чемпионату Казахстана, который планируется в феврале. Кроме этого идет полным ходом и студенческая жизнь – сессия в полном разгаре. Но спортсмен со всей ответственностью готовится ко всем зачетам и экзаменам, на общих основаниях сдает необходимые задания. Впрочем, он благодарен своим преподавателям, в частности куратору группы 05203 И.С.Абдрахманову за поддержку и понимание. Его тренерам К.М.Каженову и М.Ж.Тулгенову за учебу питомца переживать не приходится.

Студенты и преподаватели родного университета поздравляют Темірлана и желают дальнейших спортивных успехов!

Құттықтаймыз!



Өнертану және мәдени-тынығу кафедрасының аға лаборанты

Мұхамбетқалиева

Гүлнар Төлеуқызын мерейлі 50-жас қуанышты туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге - саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, арманыңыз - асқақ, шығар биігіңіз асқарлы болсын! Әрдайым құшағыңыз - гүлге, қадамыңыз нұрға тола берсін! Бақытты өмір сүруіңізге шын жүректен тілектеспіз!

Кафедра ұжымы

Спортивные достижения I семестра

28-30 октября – в ЗКГУ состоялась спартакиада университета по волейболу. 1 место среди девушек заняла команда ЕФФ, 2 место – команда ФИЭП, 3 место – ФКИ. Места среди команд мужчин распределились следующим образом: 1 место - команда ЕФФ, 2 место - команда ФИЭП, 3 место - команда ФКИ.

1-2 ноября – прошел турнир памяти чемпиона мира по самбо А.Шайхиева, Серикбай Негмет, студент педагогического факультета ЗКГУ занял 1-е место.

5-8 ноября – в Павлодаре прошел республиканский турнир по казах күресі «Жас барыс», 3-е место в весовой категории до 90 кг занял студент ЗКГУ Габбасов Нурымжан.

6-7 ноября состоялся ставший традиционным турнир на Кубок ректора ЗКГУ по волейболу среди преподавателей и сотрудников вузов Уральска. На открытии с приветственным словом выступила проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Т.М.Даришева. В соревнованиях приняли участие 6 команд: Евразийской Академии, Западно-Казахстанской Гуманитарной Академии, ЗКАТУ им. Жангирхана, КазИИТУ и две команды ЗКГУ. 1-е место и Кубок завоевала команда ЗКГУ, 2-е место команда ЗКАТУ, 3-е – команда Гуманитарной Академии.

17-18 ноября - Университетская спартакиада по баскетболу: среди девушек 1 место завоевала команда ФМФ, 2-е - ФИЭП, 3 место – Филологический факультет; среди юношей – 1 место - ФИЭП, 2 место – ФМФ, 3-е - филологи.

Областной турнир по Қазақ күресі среди старшеклассников ЗКО состоялся в Бокейординском районе, поселок Орда с 18 по 20 ноября, традиционно проводимый в честь Почетного гражданина Бокейординского района, заслуженного тренера РК, Почетного деятеля спорта РК, мастера спорта СССР по самбо асс. профессора ЗКГУ им. М.Утеминова Жардемове Ж.С.

Организаторы – районный акимат, облспорткомитет, федерация казах күресі.

28 ноября – прошли спортивные состязания ко Дню первого Президента среди преподавателей и сотрудников вузов Уральска в ЗКАТУ им. Жангирхана. 1 место в настольном теннисе в личном первенстве завоевал Джумағалиев Асхат Хамитович, ст. преподаватель кафедры физвоспитания. Команда ЗКГУ завоевала 1 место по мини-футболу.

5-6 декабря – открытое первенство ЗКГУ по казах күресі, посвященный 70-летию Победы в Великой Отечественной войне. Наши студенты заняли призовые места: Аманғалиев Айдын



(55 кг) – 2 место, Сериков Мағжан (60 кг) – 1 место, Скоробогатов Вадим (70 кг) – 1 место, Алданбаев А. (80 кг) – 2 место, Мадиев Ж. (90 кг) – 1 место.

6-7 декабря состоялось открытое

первенство по греппингу в Атырау, в котором приняли участие команды четырех областей Западного региона, всего соревновались 300 человек. Старший преподаватель Шандозтеги Асхат Турланович в весовой категории 80 кг занял 1 место.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік Университетінің мәдениет және өнер факультетінде 2014 жылдың 22 қарашасында Халықаралық студенттер күніне орай ұйымдастырылған «Біз біргеміз» көңілді эстафеталық жарыс ұйымдастырылды.

«БІЗ БІРГЕМІЗ» көңілді эстафеталық жарыс

Бұл көңілді эстафеталық жарыстың мақсаты салауатты өмір салтын қалыптастыру, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу және бос уақыттарын тиімді өткізу болатын. Бұл жарыс эстафеталық түрде өткізілді. Жарысқа топ кураторы мен студенттер белсенді қатысты. Әділ қазылар алқасында мәдениет және өнер факультетінің деканы Исатаев Мейрам Исатайұлы, дене тәрбиесі кафедрасының оқытушы магистрі Ишанов Ақылбек Мирзатұлы, мәдениет және өнер факультет деканының орынбасары Абуова Роза Сүйеугалиевна, өнертану және мәдени тынығу кафедрасының аға оқытушы, магистр Жұмағалиева Гулжазира Ермекқызы әділ бағалаған болатын. Жарысқа 7 команда қатысты. 1-орын алған музыкалық білім мамандығының намысын қорғап шыққан «Жігер» командасы. Топ басшысы: Есентеміров Дастан Наурызбайұлы. 2-орын алған хореография мамандығынан құралған «Шабьт» командасы. Топ басшысы: Амреева Толқын Мағзонқызы, 3-орын алған дизайн мамандығынан құралған «Art Vision» командасы. Топ басшысы: Фаизулина Эльвира Елемесқызы. Жарыс көрермендердің көңілінен шықты. 1,2,3 орын алған командаларға ұйымдастырушылар атынан кубок пен алғыс хаттармен марапатталды. Жеңіске жеткен



командаларды шын жүректен құттықтаймыз!

Асель СУЛЕЙМЕНОВА, Айымгүл КЕНЖЕҒАЛИЕВА,
мәдени тынығу жұмысы мамандығының 3-курс студенттері

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІ:

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА

КОРРЕКТОР:

Сәнді БЕКЕТАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис»
ЖШС баспаханасында басылды.